

## «Алтын күз-2017»

2017 жылдың қараша айының 03 жұлдызында Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің Терешкова көшесіндегі ғимаратында орналасқан «Жаратылыстану» факультетінің ұйымдастыруымен өткен, Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» концепциясы аясында «Алтын күз-2017» байқауы болып өтті. Сайысқа қатысқан командалардың байқауға мұқият дайындалғандығы мен тақырыпқа креативті жандасқаны мен мұндалап тұрды. Сайысты тамашалаған ұстаздар мен студенттер командалардың өнеріне дән риза болды.

Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» концепциясы аясында өткен «Алтын күз-2017» байқауын Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті Құрылтайшылыр Кеңесінің мүшесі Файзулла Төрежанқажыұлы Жүнісов пен ректор кеңесшісі Айтжан Смаилов ашып, командаларға табыс тілеп, қазылар алқасын әділ болуға шақырды.

Байқауға қатысқан бес команда бес бағыт - топты таныстыру (топтың аты, эмблемасы, ұраны, бірінғай үлгідегі киім), күз тақырыбында өз өнерін көрсету (ән-би домбыра тарту), Сән үлгісі - 2017ж (күз тақырыбына сәйкес киім үлгісі), үй тапсырмасы (күзгі көкөністерден көмегімен, дәнді-дақылдардан қол өнер туындыларын жасау, жеміс-жидектерді сәнді безенду, т/б), сондай-ақ Алтын күз ханшайымы мен ханзадасын анықтау бойынша қиян-кескі сайыс өткізді.

Сайысқа төмендегі бес команда қатысты:

1. Экономика және бизнес кафедрасы жанынан құрылған **«Капитал» тобы**
2. Көпсалалы педагогикалық пәндер кафедрасы жанынан құрылған **«Шебер қолдар» тобы**
3. Биология және химия кафедрасы жанынан құрылған **«Жалын» тобы**
4. Дене шынықтыру және спорт кафедрасы жанынан құрылған **«Нұр шуақ» тобы**
5. Ақпараттық технологиялар кафедрасы жанынан құрылған **«Алтын дән» тобы.**

Дарынды, креативті топтардың өнері мен қиян-кескі сайысын бағалау оңай болған жоқ. Әділ қазылардың шешіміне орай бірінші орынды – «Алтын дән» тобы, екінші орынды – «Капитал» тобы, ал үшінші орынды – «Шебер қолдар» тобы иеледі. «Жалын тобы «Өнерлі жастар» номинациясымен, ал «Нұр шуақ» тобы - «Көрерменнің көзайымы» номинациясымен марапатталды.

«Алтын күз-2017» байқауын дайындауда «Жаратылыстану» факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты Гүлбахрам Бейсенова, декан орынбасары Гүлнара Ахметова және университетіміздің Жас ғылымдар Кеңесінің төрайымы Әзиза Ысқақова ханымдар, сондай-ақ тиісті кафедралар басшылары мен оқытушылары аянбай атсалысты.

Назарларыңызға Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» концепциясы аясында өткен «Алтын күз-2017» байқауынан дайындалған фоторепортажды ұсынамыз.

